

ҰЛЫ САҒЫНЫШ ТУРАЛЫ

эссе

Ақселеумен құрдас едік. Әдебиет әлеміне қатар ендік, кәдуілгі қатар-құрбылар арасында бола беретін әзіл-қалжыңымыз жарасып, құлын-тайдай тебісіп өстік. Сөз өнерінің қиындығы мен қызығына қатар бел буып, білек сыбана кірістік. Қазақылап айтсақ: былайғы тіршілікте қазекемнің тірі сөзін хатқа түсіріп кәсіп қылуға тәуекел еттік. Ақселеудің алақандай ғана алғашқы әңгімелер жинағына редактор болдым, 1981 жылы жарық көрген «Күңгір-күңгір күмбездер» атты таза ғылыми очерктер кітабына пікір жаздым. Ол өзімнің Жазушылар одағында талқыланған «Мұхтар жолы» романымның қолжазбасына ағыл-тегіл пікірін айтты. Осының бәрі бір күнгідей болмай өте шығыпты.

Ақселеу кешегі көшпенділер керуенінен қалып қойған қазекемнің жеке батыры, я болмаса қаранары секілді еді. Үнінен ылғи кешегінің сазы, нақышы, бояуы, ырғағы сезіліп тұратын. Әңгімені де кешегі өткен билерше төгілдіріп айтатын. Шешіліп сөйлеп кетсе – дүниенің бәрі құбыл өзгеріп, көкжиектің шетіне шыққандай тынысың кеңіп сала беретін. Өзі де белге көтерілген кісідей қиырды шолатын. Күмбір-күмбір әңгімесіне елігіп, бейне, баяғының адамына ұқсап... қай-қайдағыны көзге елестетіп... қай-қайдағыға ой жіберіп... қай-қайдағы ғаламат кепті бастан кешетінсің.

Күні кеше болған оқиға. Астанадағы баққа, аулаға азғана қауын, қарбыз өгіп, жаз бойы күтіп мәпелегенде жасыл пәлек үш-төрт түйнек салып, қыркүйекте жүзін жуған еді. Біздің елде «қауынға шақыру» деген диқанның келісті салты бар. Зайыбымыз екеуіміз ойласа келіп, сол салтты себеп қылып: «Қауыннан ауыз тиіңдер», – деп Астананың төрінде бір-бір бел болып отырған қаламдас құрбыларымыз Әбіш пен Ақселеуді дастарқанымызға шақырдық. Жер аударылғандай теңселіп жетті

көкелер. Сондағы шырын қауынды қиялай кесіп, шырын сөлін тамсана талмап, кәсіліп отырып – Ақселеу ұзын сөзін иіп келтіріп әңгіме шертті. «Өзім дүниеге келгенде Ұлы Отан соғысының күйіп тұрған кезі екен. Әкем Сыланды әскерге шақырады. Шешем үлкен үйде болса керек. «Шарананы көрсетіндерші, бұл сапардан оралам ба, оралмаймын ба - маңдайынан бір иіскейін», - деп үлкендерге өтініш жасапты. Шешем байғұс қызылшақаны көтеріп кеп әкеме ұсына қойыпты. Төбемде түбіттей ақшыл шаш үрпиіп тұрса керек. «Ой, сөлеудей болған шашыңнан!.. есімін Ақселеу қойыңдаршы!..», - деп маңдайымнан бір иіскеп... шешемнің қолына қайырып беріпті. Соғысқа кеткен әкем оралмапты. Арқаның күзгі селеуіндей болып қарақан басым сопайып жалғыз өсіппін», - деп құрдасым өзінің есімі туралы сөздің нәшін келтіріп айтып берген.

Әңгімесі шіреп піскен қауындай қандай тәтті еді.

Кереметі – Ақселеумен күнде кездесіп тұрсақ та, я болмаса, екі-үш ай бойына ұшыраспай кетсек те көңіл түпкірінен сағыныш сезімі еш жуылмайтын. Көре бергің... тыңдай бергің... сырласа бергің келетін. Өлгі көңіл түкпірін жайлап алған сары майдай сағыныш сезімі енді ойласақ жүрек түкпіріне мәңгілік шөккен сіре мұң секілді.

Досымыздың асыл мінезі – еш уақытта өзін дараламайтын, бөлінбейтін, біріктіре жүретін.

Осы кезде зиялы қауымның арасында қылаң беріп қалатын рушылдық, жершілдік дертінен жүрегі таза болатын. Бәрімізді бір атаның баласындай көріп, туыс қылып, бауыр етіп жүретін. «Анау осылай еді, мынау мынадай еді» деп қысыр сөзбен қидалап бөлмейтін.

Кітаптарының өзі де басынан аяғына дейін шілдің қиындай пышыраған қазекемді

Дүкенбай Досжан,
жазушы, Мемлекеттік
сыйлықтың иегері

*Ақселеу кешегі
көшпенділер керуенінен
қалып қойған
қазекемнің жеке ба-
тыры, я болмаса
қаранары секілді еді.
Үнінен ылғи кешегінің
сазы, нақышы, бо-
яуы, ырғағы сезіліп
тұратын. Әңгімені де
кешегі өткен билер-
ше төгілдіріп айта-
тын. Шешіліп сөйлеп
кетсе – дүниенің
бәрі құбыл өзгеріп,
көкжиектің шетіне
шыққандай тынысың
кеңіп сала беретін.
Өзі де белге көтерілген
кісідей қиырды шола-
тын. Күмбір-күмбір
әңгімесіне елігіп,
бейне, баяғының
адамына ұқсап...
қай-қайдағыны
көзге елестетіп...
қай-қайдағыға ой
жіберіп... қай-қайдағы
ғаламат кепті бастан
кешетінсің.*



біріктіруге арналған күретамыр еді.

Қазақ әлемі, Қазақтың күй өнері, Қазақтың ауызша тарихы сол ауызбірлікті, сол ағайындықты, сол қаймағы бұзылмаған қадым қазақылықты өлемге әйгілеп тұрғандай оқылады.

Ұлы ұстазымыз Әуезов: «Өзім қос бірдей қоғамдық формацияны бастан кешірген адаммын», – деп айтқандай, мына құрдасымыз аңқылдаған ашық мінезімен әңгіме шертсе болды – көші ұзап кеткен кешегі көшпенділердің жұртында қалып қойған жетім ботадай боздаушы еді. Бұл жерде боздау деп – Ақселеудің айтқыштығын, шешендігін, суырып салмалығын мезеп отырмын.

Көшпенділерде қай-қай елмен салыстыра алатын ұлы өркениет болғандығын, олардың салт-дәстүрінің ешқашан қайталанбайтындығын, ешкімге ұқсамайтындығын қазша қаңқылдап айтып тауыса алмайтын. Кешті таңға, таңды кешке ұластырып, сөз ырғағын бұзбай әңгімесін шертуді еді-ай! Тірі сөзге көңілің тоятын.

Отбасымда Ақселеудің бұлақ көзіндей көкірегін жарып шыққан, домбыраға қосып өзі салған Сарыарқа, Дәурен-айсаздарының ұнтаспаға жазылған нұсқасы сақталған. Бұл әндерді жазудан шаршағанда, әлде бір дүние тіршілігінен қажығанда қойып тыңдаймын. Сол кезде ғой. Тіл жеткізіп айту қиын. Мұңлы саз құлақтан еніп, шымыр-шымыр бойыңды билеп, қанға араласып, жүрекке сіңіп, сай-сүйекті сырқыратады. Шат-шөлекей тіршілікті ұмытасың. Өткінші фәни жалғанның ызығуыт қарбаласын естен шығарып, бақилыққа бір табан жақындай түсесің. Саз-әуен сіңген жүрек бүлкілін тіл жеткізіп қалай суреттерсің! Саз-әуен сіңген болмысың дүние тіршілігінің қилы асуларын көктей өтіп, жап-жасыл көгалды көкжиекке шақырып... алыс қиырға сапар шеккендей... мұқым жан-дүниенді жап-жарық шуақты өлемге енгізіп жібереді. Жүз жасаған ақсақалға ұқсайсың. Ойың да, бойың да тазарып, нәпсінді өнер нығметі жеңеді. Өлдеқайдан аппақ нұр құйылады. Сол нұр шаршаған бойды ширатып қиялға

қанат жалғап, қалықтап ұшып кететіндейсің!

Ой-хой, дүние деген!

Ақселеумен әңгіме шертіскен күндердің қайсысын айтып тауысарсың! Баладай аңғал, бекзат мінез, бір бойына салдығы да, серілігі де жететін сырбаз бейнесі көз алдымда қалқып тұрып алады.

Осы кезде бәзбір авторлар сал-сері дегенді бір сөз ғып, жалғыз мағынада жазып жүр. Бұл дұрыс емес. Сал – әрі әнші, әрі күйші, ел даладай мінезге бай ел еркесі. Күмбірлеген күйі мен ашық үні тыңдаушыны ұйытып, ел-елді аралап, күнкөрісін құдай берген өнерімен айырып жүретін дала өртісі. Сері – текті мінез төбөрігі. Жүріс-тұрысы, сөз-сықпыты жұрттан өзгеше, бітімі бөлек, бірсөзді, серттің адамы. Бұл екі мінезді де далалықтар заманалар бойына төбөріктей төбесіне көтере ұстап, ұлықтап, жиырмасыншы ғасырға аман-есен жеткізгені үлкен әңгіме. Ақселеудің мінезі салдыққа тартып тұратын.

Қолында мүйіз сапты әсем балдақ, оң қолының ортан терегінде бадана көзді жүзік, білек сағағында жақұт тасты төспі, мойнында айқара орап, гүл қауызындай түйіп байлаған орамал... қызыл түсті жақсы көретін... бұғы мүйізді шақшасы жанынан түспейтін... Әңгімесін лекіте айтып отырып, қызып кеткенде әлгі шақшаны жан қалтасынан суырып алып, алдындағы үстелге тырс-тырс қағып, бұршақтай насыбайды сорғыш қағазға түйіп, ерніне басып, көшелі сөзін үзбей дестелегенде – өткен ғасырдың көшінен қалып қойған шежіреші дастарқан басында үйіліп отырғандай сезілуші еді.

Осы көрініс, мына сурет – көз алдымызға баяғының әңгімеші салын әкелетін. Сол жарықтықтар мына Ақселеудей-ақ болған шығар-ау деп шамалаймыз.

Өмір – керуен. Бірі қоналқыға келіп, бірі түстеніп, келесісі бас түйесін бұйдасынан тартып жөнеліп жатады. Мына біздер сол керуеннің бір-бір бұйдасын ұстаған жолаушысымыз. Біреу таң бозынан тұрып кетеді, келесінің көші қоналқыға кеш ілігеді. Ақселеудің тірі сөз бен әуезді әңгімесін



теңге байлап теңселдіріп артқан қоңыраулы керуен таң алакеуімде жедел көтеріліп қыр асып кетті. Қоңырау үні үзілді. Қалған қатар құрбыларының көш тізбегі әлі айра-жайра, жиналмаған, түзілмеген...

Осы суретті көз алдымызға келітіріп тұрған біздердің көңіл түкпірімізді қоңыр мұң жайлайды. Қоңыр мұң көркем ойлайтын көріктілерді жағалайды.

Қоңыр мұң бүгін-ертең жуылып болмайды. Бәлкім, мына тіршілікте өзімізбен өмір бойы серіктесіп өтер. Бәлкім, ел ағасы жасына келген біздерге елтең-селтеңнен, арғы-бергі бос сенделістен, «қырықымыз жиылып қыр аспайтын» көкір-шүкір мінезден, «арзан ойын, қымбат күлкіден» сақтана жүруге жазсын тағдыр, іншалла, – деп ойлайсың!

Ақселеудің азасында сөйлеген сөзінде Әбіш Кекілбаев жылатыпты. Өзім Алматыда бес жыл білім алған қарашаңырағымыз КазГу-дің жетпіс бес жылдық тойында едім. Естелік айтады деп жиналған қалың көген көз студенттерге үнім іріп, қымбатын жоғалтқан кісідей алды-артыма қарайлап, дәмді сөз тіліме үйірілмеді-ау деймін. Осы жүрісімізде қу тіршіліктің күйбеңінен бір пәс артылып, кітап оқысақ, әлі де жетіле түссек дейміз. Көрікті ойға жетелейтін қатар-құрбыны іздейміз. Сол кезде ғой – оң иыққа қонған періштедей, самал желпіген селеудей болып сағыныш иесінің сурет-сұлбасы елестейтіні кәміл.

Жазушылық. Дүниені суретпен көру, не нәрсені тірі сөзбен тірілтіп, жан беріп суреттеу. Осы айтқан киелі әдебиет ауылына қатар қалам тартып өнсек-тағы... жүре-бара, жылдар өте... екеуіміздің жолымыз екі айырылды. Ақселеу – ғылыми

ізденісті алдына шамшырақ етіп ұстап, ұлттық этнологияның ұңғыл-шұңғылына үңіліп зерттеушілік жолға түсті. Ал өзім бәз баяғы адам мінезінің, кісі қалыбының әдібін сөгіп, астарын ашып, арғы аңғарын пайымдайтын көркем шығарма кестелеуге ден қойдым. Адам мінезі аяқ бассаң – шым батырып жұтып жөнелетін тартпа ұйық секілді бас бұрғызбайды. Соңына түскен кісіні жылдар өте адам қалыбының компа-сы, рентген аспабы етеді.

Ахаң – Ақселеу ұшаң-теңіз білімнің серіппедей басқышына аяқ салып, этнологияның зау биігіне бір-ақ көтерілді. Профессор аталды. Профессор деген берідегі жай сөз ол, қаны шыққан ұлттық салт-дәстүр академигіне айналды!

Айтылған сөз естен шығады. Кітап тозады. Ұрпақ ауысады. Құлпытас жер қойнына сіңіп пәсейеді. Уақыт пәрменіне төтеп беретін жалғыз амал – кісі көңіліне, ұрпақ санасына жарық сәуле секілді сіңіріп үлгерген адамгершілік ізгі мұраттар. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып уақытқа төтеп беретін ізгілік шуағы, кісілік сәулесі екен.

Біз білетін замандасымыз Ақселеудің бойындағы ізгілік, пайым, кісілік, жазғандарынан айқын сезіліп тұратын бет шарпыған жанашырлық, адамшылық құйыны еш уақытта жоғалмайды. Осыны ойлаймын да ойсырап қалған көңіліме дөт-қуат шақырамын.

Қазақ қарындастың жүрегіне егіп кеткен осынау ұлы сезімді әлі-ақ сағынатын боламыз. Сағына жүріп селеулі даланың желді күнге ақ бұйра толқыныдай көркем сазын, түйеден түскендей ірі сөзін әлсін-әлсін еске алармыз. Дәурен-айын, Сарыарқасын езіліп отырып тыңдармыз!

*Ахаң – Ақселеу
ұшаң-теңіз
білімнің серіппедей
басқышына аяқ
салып, этнологияның
зау биігіне бір-ақ
көтерілді. Профессор
аталды. Профессор
деген берідегі жай
сөз ол, қаны шыққан
ұлттық салт-дәстүр
академигіне айналды!*

РЕЗЮМЕ

Казахский народ понес невосполнимую утрату – скончался известный этнограф, журналист и несравненный историк А. Сейдимбек. Автор подчеркивает его уникальное место в культурной жизни современного общества и скорбит о кончине друга.

SUMMARY

YKazakh people endure big loss – it is passed way a great and popular ethnographer, historic, journalist A. Seidimbek. The author underlines his big position on cultural life of nowadays Kazakhstan.

